

**Иеліктен шығаруға жатпайтын, мемлекеттік меншіктегі және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің меншігіндегі объектілердің, оның ішінде стратегиялық объектілердің тізбелерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 927 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 94-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 487 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған:

1) иеліктен шығаруға жатпайтын, мемлекеттік меншіктегі объектілердің, оның ішінде стратегиялық объектілердің тізбесі;

2) иеліктен шығаруға жатпайтын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің меншігіндегі объектілердің, оның ішінде стратегиялық объектілердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2017 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 927 қаулысымен  
бекітілген

**Иеліктен шығаруға жатпайтын, мемлекеттік меншіктегі объектілердің, оның ішінде стратегиялық объектілердің тізбесі**

**Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 27.06.2025 № 487 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2025 № 897; 19.01.2026 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

1. Жер (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздерде, шарттарда және шектерде жеке меншікте болуы мүмкін жерден басқа), оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар.

2. Мемлекеттік қадағалау желісі және оның мүлкі.

3. Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері.

4. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару шарттарына сәйкес оларды кері сатып алу міндеттемесімен мемлекеттік ислам арнайы

қаржы компаниясына сатылған жалпыға ортақ пайдаланылатын республикалық автомобиль жолдарын немесе олардың учаскелерін қоспағанда), ішкі су жолдары және оларда орналасқан кеме қатынасы үшін пайдаланылатын кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстары, маяктар, кеме қатынасының қауіпсіздігін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілер, шлюздер, әуе қозғалысын басқару органдарының аэронавигациялық құрылғылары, әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты инженерлік желілер, сондай-ақ метрополитен.

4-1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттері.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары.

6. Қаланың, ауданның қызмет көрсететін аумағындағы жалғыз мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымы болып табылатын, ауылда медициналық-санитариялық алғашқы көмек, мамандандырылған көмек көрсететін (қан, ана мен баланы қорғау, радиациялық медицина орталықтары, онкологиялық, туберкулез, АИТВ жұқтырған және ЖИТС-пен ауыратын науқастарды және инфекциялық, психикалық науқастарды емдеу объектілері) денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ балаларға арналған санаторийлер, Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және оларға теңестірілген адамдарға арналған госпитальдар.

7. Халықты әлеуметтік қорғау объектілері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары, сәбилер үйлері, сондай-ақ қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар).

8. Мемлекеттік меншік болып табылатын және азаматтық қорғаныс іс-шараларын қамтамасыз ету мен жұмылдыру тапсырмаларын орындауға арналған азаматтық қорғаныс объектілері мен мүлкі, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызметтің объектілері мен мүлкі.

9. Пайдаланылмайтын әскери мүлікті қоспағанда, мемлекеттік меншік болып табылатын, экономика салаларының ұйымдарына жедел басқару, шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген және қорғаныс мұқтаждарын қамтамасыз етуге және жұмылдыру тапсырмаларын орындауға арналған объектілер мен мүлік.

10. Пайдаланылмайтын әскери мүлікті қоспағанда, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мемлекеттік мекемелеріне жедел басқару құқығында бекітілген әскери мүлік.

11. Арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған немесе құрылатын ұйымдар.

12. Арнаулы мемлекеттік органдар бейбіт уақытта пайдаланбайтын жылжымайтын мүлік.

13. Мемлекет меншігіндегі Ұлттық архив қорының құжаттары, сондай-ақ мемлекеттік архивтер мен олардың филиалдарының ғимараттары, үй-жайлары мен жабдықтары.

14. Мемлекет меншігіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорының құжаттары.

15. Қазақстан Республикасының аумағында азаматтардың білім алуға конституциялық құқықтарын қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін мемлекеттік ұйымдар.

16. Мемлекеттік мәдениет ұйымдары, мемлекет меншігіндегі ұлттық мәдени игілік объектілері, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және басқа субъектілерге тиесілі емес тарих және мәдениет ескерткіштері.

17. Ұлттық әл-ауқат қорының акциялары.

17-1. Мынадай жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының акциялары:

"Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Қарағанды индустриялық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Рудный индустриялық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Торайғыров университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Шәкәрім университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Астана медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Семей медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Халықаралық туризм және меймандостық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Қарағанды медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

"Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

**Ескерту. Тізбе 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 24.03.2022 № 154 қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.01.2026 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

18. Атом энергиясын пайдаланатын объектілер:

1) Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің "Ядролық физика институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қарамағындағы атом энергиясын пайдаланатын объектілер:

ВВР-К реакторлық кешені;

радиохимиялық кешен (24, 24а ғимараттары);

У-150М циклотроны базасындағы үдеткіш кешені;

УКП-2-1 үдеткіш кешені;

ЭЛВ-4 үдеткіш кешені;

С-30 үдеткіш кешені;

ДЦ-60 үдеткіш кешені;

ядролық жарылыстар жүргізілетін технологиялық алаңдар – "Лира" объектілері;

2) "Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қарамағындағы атом энергиясын пайдаланатын объектілер:

"Байкал-1" ЗРК;

ИГР зерттеу реакторының кешені;

Курчатов, 2А алаңы;

№ 2 және № 4 құрылысжайлар;

"Бурабай" геофизикалық обсерваториясы.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.08.2025 № 588 қаулысымен.**

19. Аса қауіпті инфекциялар қоздырғыштары мен өнеркәсіптік микроорганизмдер коллекциясы және депозитарийлері.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2017 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 927 қаулысымен  
бекітілген

**Иеліктен шығаруға жатпайтын, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің меншігіндегі объектілердің, оның ішінде стратегиялық объектілердің тізбесі**

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 20.12.2021 № 910; 27.06.2025 № 487 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.02.2026 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

1. Магистральдық теміржол желісі.

2. Ұлттық электр желісі.

3. Магистральдық құбырлар (мұнай құбырлары мен газ құбырлары).

4. Биологиялық қауіпсіздік саласында ғылыми және өндірістік қызметпен айналысатын, сондай-ақ патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-бағу қызметін жүзеге асыратын объектілер мен ұйымдар.

5. Меншік құқығында "Digital Silk Road Company" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қарамағындағы халықаралық көлік-логистика орталығының объектілері (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының шекаралық белдеуінде орналасқан жер учаскелері).